

VI "Мәдениеттер тоғысындағы тіл,  
әдебиет, аударма және журналистика  
мәселелері" атты халықаралық  
ғылыми-практикалық конференция



**ICBCB**  
2014 International Conference  
Building Cultural Bridges



**TOM I**  
**VOLUME I**



April 24-26, 2014



## ТІЛДІ ҮЙРЕНУДЕГІ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕРДІҢ НЕГІЗІ МАҚСАТЫ

Турарова Кадиша Касымовна

*Халықаралық бизнес академиясы, Қазақстан Республикасы, Алматы, Қазақ тілі пәнінің аға  
оқытушысы  
kadisha\_t@mail.ru*

---

### Резюме

В статье рассматриваются особенности лингводидактического теста, основные цели, психологические особенности студентов при проведении адаптированного теста, эффективность при применении видов теста.

### Resume

The article deals with major peculiarities of the lingual-didactic test and its objectives. The psychological features of students during their use of the adapted test and efficiency of which test best to apply are considered

Кілтсөздер: Lingual-didactic testing, lingual testing, speaking testing, types of tests, test sets.

### 1. Кіріспе

**1.1** Тест – ерекше формалы, оңайдан қиынға қарай күрделеніп отыратын тапсырмалар жүйесі. «Тест» ағылшын сөзі. Ол «сынақ» деген мағынаны білдіреді. Өткен ғасырдың аяғында бұл ұғымды алғаш рет американдық ғалым Дж. Кэттел енгізген болатын.

Тестілеу мен оқу үрдісі бір-бірімен тығыз байланысты. Тестілеу мен оқу үрдісі қатар жүрсе, оқу үрдісі тиімді, ал тестілеу пайдалы болады. Тілді оқытуда тіл үйренушінің білім деңгейін сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша бақылау мен бағалау ең өзекті мәселе болып саналады.

Лингводидактикалық тест – жалпы тестологиядағы тестінің бір түрі. В.А.Коккотаның пікірінше лингводидактикалық тесті тіл үйренушінің білім деңгейін анықтайтын, белгілі бір талап қойылған тапсырмалар жиынтығы және бұл тапсырмалар міндетті түрде сапалық көрсеткішін анықтау үшін сынақтан өтуі қажет. Лингводидактикалық тесті көптеген тест үлгілеріндегі тапсырмалардың сұрыпталған жүйесі. Ал лингводидактикалық тест тапсырмалары – педагогикалық тестіні құрастырушы «кірпіштер» [1, Коккота В.А. Лингводидактическое тестирование// –М, 1989.].

Лингводидактикалық тестінің басты ерекшелігі – оның көп функциялылығы. Тест тек қана бақылаушы немесе бағалаушы құрал емес, сонымен бірге ол тілдік материалдың дұрыс беруін де қадағалайды.

**1.2** Бақылау бағдарламасына сәйкес лингводидактикалық тестілер стандартты және стандарттық емес тестілер болып бөлінеді.

Стандартты тестілер – көптеген тіл үйренушілердің білім деңгейін анықтау үшін арнайы сынақтан өткізілген тестілер. Олардың тұрақты және қанағаттанарлық сапалық көрсеткіші болуы керек.

Стандарттық емес тестілер – оқытушының жасаған тестілері. Бұл тестілер эксперименттен өтпеген тестілер. Оқытушылар бұл тестілерді өзінің студенттерінің білімін бағалау үшін жасайды. Тесті түріндегі бақылау жұмысы әдеттегі бақылау жұмысынан қиын.

**1.3** Лингводидактикалық тестілеудің көптеген қызметінің ең маңыздысы оқу-ұйымдастыру және бақылау болып табылады.

## VI Халықаралық конференция

Оқу-ұйымдастыру қызметіне мына қызметтерді жатқызуға болады:

- оқудағы жетістікті бақылау қызметі;
- оқуға даярлығын анықтайтын қызметі;
- үлгермеу себебін анықтайтын қызметі;
- тілді жалпы білу деңгейін анықтайтын қызметі.

Бақылау қызметін анықтайтын қызметтер:

- ағымдық және аралық бақылаудағы үлгерімі;
- қорытынды бақылаудағы үлгерімі;
- оқудың тиімділігі (әдіс, тәсілдер);
- өзін бақылау қызметі (бір-бірін бақылау қызметі);

1.4 Лингводидактикалық тесті тестілеу мақсатына қарай төмендегідей жіктеледі:

- Оқу нәтижесін анықтайтын тестілері;
- Тіл білу деңгейін анықтайтын тестілер;
- Диагностикалық тестілер;
- Қабілеттілігін анықтайтын тестілер;

1.5 Оқу нәтижесін анықтайтын тестілер бағдарлама және өткен тілдік материалдар бойынша жасалады. Ағымдық тестілерді күнделікті өткен тақырыпты оқыту да пайдалануға болады. Мысалы, тыңдалым әрекетінде тыңдаған мәтіндерін ұғынуын анықтайтын тесті. Немесе, оқылым әрекетіне оқыған мәтінді ұғынуын анықтайтын тестілер. Оқытушы өткен тақырыпқа, мәтіннің көлеміне, мазмұнына байланысты тесті түрлерінің қолайлысын пайдалана алады. Бұл тестілер ағымдық, аралық, қорытынды бақылау жұмыстары үшін пайдаланылады.

Тесті тіл үйренудегі сөйлеу әрекетінің жазылым, оқылым, тыңдалым, айтылым түрлеріне жеке-жеке жасалады. Ағымдық, аралық, қорытынды тестілер модульдік бағдарламаның соңында, белгілі бір модульді, немесе бөлімді аяқтаған соң өткізіледі. Мысалы, оқылым әрекеті бойынша В2 – деңгейіне «Олимпия» тақырыбына жасалған тест тапсырмасы

Оқылым.

Олимпия

1) Жүздеген жылдар бойы Олимпияны қадірлеушілер Альтис деп аталатын Зевстің қасиетті тоғайына құрбандықтар әкелген. .. Төрт жылда бір рет діни мейрамдардың бір бөлігі ретінде олимпиадалық ойындар өткізіліп отырылған.

2) Олимпиадалық ойындардың ішіне бірнеше жарыс түрлері жүгіру, секіру, снарядтар лақтыру, күрес, бокс және екі аяқты күймелі арбалар жарыстары енген. Жарыстың маңыздылығы соншалық, қалалар жарысып жатқан кезде уақытша өзара соғыстар тоқтатылған. Жарысқа басы ерікті болып туған гректер ғана қатыса алатын болған және жарыстарға ерте, бала кезінен бастап дайындалған. Соңғы ойындар б.э.д. 393 ж. өткізіліп, тек 1500 жылдан кейін қайта жаңғыртылды. Атлетикалық жарыстар өткізілетін басты орын стадион болды. 40 мыңға жуық жанкүйерлер қатыса алатын еді.

---

3) Жер сілкіністері, қастықпен істелген әрекеттердің нәтижесінде және уақыттың өтуі Олимпияны қиратып, өзен суының астына 5м. тереңдікке батырып жіберді. Қазіргі өткізіліп

жатқан қазба жұмыстарының нәтижесі мен ежелгі тарихшылардың жазып қалдырған деректері Олимпия туралы көп деректер жинауға көмегін тигізді.

4) Олимпиада ойындарына қатысқан әр қала өз шіркеулерін салып, қымбат қазналарын қалдырды. Олардың қираған орындары Альтистің солтүстігінен табылды. Стадионда ат жарыстары өткізілген Гимназия – спорт алаңы. Екі жүгіру жолы бар ауладан және найза, табақша лақтыратын алаңнан тұрады. Ашық аспан астындағы хауыз шамамен б.э.д. 5-ші ғасырда салынған. Леонидий сарайы Олимпияның құрметті қонақтарын қабылдайтын орын болды.

**1-тапсырма. Берілген сөйлемдерді тиісті абзацқа қойыңыз. 3%**

- А) Бір мезгілде 10 000 екі дөңгелекті арба жарысқа қатысатындай орын болды.  
 Ә) Жеңіп шыққандарға құдайлардың мүсіндерін тұрғызуға рұқсат берілген.  
 Б) Б.э.д. 5-ші ғасырда бұл орын қасиетті жерге айналған.  
 В) Археологтар көптеген қосымша салынған құрылыс орындарын тапты.  
 1)....., 2) .....3) .....4) .....

**2-тапсырма. Берілген мәтіннің абзацтарына ат қойыңыз.**

- 1)..... 2).....  
 3)..... 4).....

**3-тапсырма. Берілген сөздердің, сөз тіркестерінің синонимдерін мәтіннен табыңыз.**

- А) құрметтеушілер - ..... В) кішкентай кезінен- .....  
 Ә) дұшпандықпен- ..... Г) мәліметтер - .....  
 Б) сындырып, жоқ қылып - ..... Ғ) сыйлы қонақтар - .....

**4-тапсырма. Берілген сұрақтардың жауабын мәтіннен оқып жазыңыз.**

- 1) Олимпияны қадірлеушілер Зевстің қасиетті тоғайында не істеген ?  
 .....  
 2) Қай кезде соғыстар тоқтатылған ?  
 .....  
 3) Неліктен Олимпия су астына батты ?  
 .....  
 4) Олимпиада ойындарына қатысқан әр қала өз атынан не қалдырды ?  
 .....

**1.6** Тіл білу деңгейін анықтайтын тестілер тілді қолданудың әр түрлі деңгейін қамтитын тесті тапсырмаларынан тұрады. Халықаралық деңгейде ағылшын тілін білу деңгейін тестілейтін TOEFL, IELTS жүйелері бар. Бұл жүйелер тыңдап түсіну, оқып түсіну, жазу, өз бетінше қолдану, сөйлеу деңгейін анықтап шанайы баға беруге ұмтылады. Халықаралық деңгейде мойындалған тәжірибелі, танымал осы жүйелер негізінде ҚАЗТЕСТ тестілеу жүйесі құрылды. ҚАЗТЕСТ тестілеу жүйесі Қазақстандағы азаматтардың ұлтына, қызметіне қарамай, қазақ тілін білуін халықаралық стандартты тестілер негізінде бағалайды.

**1.7** Диагностикалық тестілер көмегімен тілді меңгерудегі қиындықтар мен кәтелері анықталады. Бұл тесті арқылы осы уақытқа дейінгі тіл үйренудегі білім деңгейінің сапасын анықтайды. Немесе тіл үйренудегі жетістігін анықтайтын тесті деп айтсақ та болады. Диагностикалық тестілер тілді әрі қарай сапалы оқуына мүмкіндік береді.

**1.8** Қабілеттілігін анықтайтын тестілерді тіл үйренуші тілді үйренуді бастамай бұрын тапсырады. Тіл үйренудегі әр түрлі қабілеттілігін анықтау үшін арнайы бағдарлаушы тестілер қолданылады.

"Қазіргі кездегі тестілер студенттердің үйренген тіліндегі коммуникативтік біліктілігін бағалауды көздейді. Коммуникативтік біліктілік лингвистикалық біліктілік, әлеуметтік-тілдік біліктілік, дискурстық біліктілік, стратегиялық және мәдени-әлеуметтік субъективті біліктілігі сияқты компоненттерден тұрады. З.Күзекованың пайымдауынша коммуникациялық тестілер қатысымдағы лексика-грамматиканы, тыңдап түсінуді, оқып түсінуді, жазбаша, ауызша сөйлеуді бағалауға бағытталған тест тапсырмаларының кешенді жиынтығынан тұрады[2, Күзекова З.С. Қазақ тілі тестілеу теориясы мен практикасы// – Алматы, 2007 ж. –146.].

1.9 Лингводидактикалық тестілерді екі топқа бөлуге болады:

- тілдік
- қатысымдық

Тілдік тестілерге лексикалық және грамматикалық тестілер жатады.

Қатысымдық тестілерге коммуникацияға жетелейтін тестілер жатады. Кейде бұл тестілерді аралас та пайдалануға болады. Кез келген тесті белгілі бір мақсатта жасалады. Тестілерді сабақ үдерісінде пайдалану мына мәселелерді анықтады:

Синонимдер, антонимдер, топтау, салыстыру, еркін жартылай ашық жауап, сұраққа жауап, парафраза, интерпретация, қосарланған жауап, бос орынға қажетті сөзді, сөйлемді жазу тапсырмалары тіл үйренушінің көңілдерінен шығады. Мұндай тест тапсырмаларын аралық, ағымдық, қорытынды бақылау кезінде пайдалануға болады.

Тест, оның ішінде бейімделген тест (адаптивный тест) туралы дәрістер оқып жүрген тестолог, профессор В.С.Аванесовтың пікірінше, бейімделген тестінің ішкі сараланған түрлері студенттердің білімін бағалауда көп нәтиже береді[3, В.С.Аванесов. Формы тестовых заданий // –М., 2007].

Аудиторияда отырған студенттердің білім мен білік деңгейі бірдей болмайтыны белгілі. Олардың ішінде «жинақтау» және «талдау» әдісін ерекше меңгерген студенттер де бар. Бірақ біз қазақ тілінен тестіні келбеті-бізге белгісіз «ортанқол» білімі бар студентке әзірлейміз.

Егер ресейлік тестолог ғалымдардың пікіріне сүйенетін болсақ, тестінің «ашық тест», «жабық тест» (клоуз тест) түрлерін кең пайдалану арқылы ғана студенттердің қазақ тілін меңгергендігін анықтау жүйесінің аясын кеңейте аламыз. Әйтпесе, бір ғана деңгеймен өлшейтін болсақ, студенттердің психологиялық мүмкіншіліктері мен ерекшеліктерін ескермеуден біз тек ұтыламыз.

### Тұжырымдар. 1.10

#### 1-кесте. Бейімдік тесті және студенттердің психологиялық ерекшеліктері

№	Студенттер типі	Типтердің ерекшелігі	Тестінің түрлеріне сәйкестігі
1	Синтетикалық тип	Шығармашыл, жинақтау қабілеті жоғары	Жинақтау тестілері
2	Аналитикалық тип	Алға қойған мәселелерді шешу қабілеті жоғары	Лингвистикалық есептер
3	Визуалдық тип	Ақпаратты көру арқылы жақсы қабылдайды	Оқылым тестілері

VI Халықаралық конференция

			Жазылым тестілері
4	Кинетикалық тип	Ақпаратты сезіну, түсіну арқылы жақсы қабылдайды	Жазылым тестілері
5	Импульсивті тип	Шапшаң	Уақыты шектелген дәстүрлі тестілер
6	Рефлексивті тип	Көп ойланғанды жақсы көреді	Уақыты шектелмеген жаңа тестілер түрлері
7	Индуктивті тип	Оқытушының сабақ түсіндіруі тез шаршатады, ренжітеді, ұзақ тыңдау жалықтырып, өз бетімен жұмыс жасауға асығып отырады	Дәстүрлі, жаңа тестілерді өз бетімен орындауды жақсы көреді
8	Дедуктивті тип	Тәртіп пен ережелерді ұстанады, оқытушының түсіндіруін байыппен тыңдайды	Дәстүрліден гөрі жаңа жүйедегі тестілерді аса ықылас танып орындайды, бірақ дәстүрлі тестілерден де қашпайды
9	Миының оң жақ жарты шары доминант тип	Қазақша сөйлеуінің дұрыс не дұрыс еместігіне бақылау жасамайды, өйткені олар өз ана тілінде сөйлеуде де ондай бақылау жасамайды	Оқытушының бақылауы мен тексеруіне байланысты тестілер берген дұрыс

## VI Халықаралық конференция

10	Миының сол жақ жарты шары доминант тип	Бұл тип өзінің сөзіне қатты бақылау жасап отырады, сондықтан қазақша диалог, айтылым тапсырмаларын орындауда оқытушыға алғашқыда онша ере қоймайды	Стандартталған тестілерді кейде дұрыс орындамай қоюы мүмкін, бірақ ол – осы типтің қазақ тілін білмеуі емес, типтік ерекшелігі екенін білген дұрыс
----	--	--	--

### Қорытынды

**1.11** Қазіргі уақытта қорытынды бақылау жұмыстары компьютер көмегімен өткізіліп жатыр. Тіл білу деңгейін анықтау да компьютерге енгізілуде. Сонымен қатар электронды оқу құралдарындағы лингводидактикалық тестілерді пайдалана отырып тіл үйренуші өз білім деңгейін кеңейте алады. Білім беру жүйесінде маманды жан-жақты дайындау, кәсіби шеберлігін қалыптастыруда оқытудың сапалы білім беру мақсатында білім жүйесіндегі жаңа технологияларды, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізе отырып, жаңаша ұйымдастыру уақыт талабына, сұранысы байланысты. Әлемдік тестілеу стандарттарын негізге ала отырып, қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, коммуникативті, танымдық, объективті, қызықты тестілер жасау – қазіргі заман талабы.

**1.12** Тіл үйренуде тестілеу – қазіргі заманымыздың өзекті мәселелердің бірі. Келешекте бұл бағытта көп жұмыстар атқарылатынына және дамитынына сенімдіміз.

### Әдебиеттер тізімі

- Коккота В.А. Лингводидактическое тестирование// –М., 1989.  
 Күзекова З.С. Қазақ тілі тестілеу теориясы мен практикасы// – Алматы, 2007 ж. –14б.  
 В.С.Аванесов. Формы тестовых заданий // –М., 2007.